

«ӘЙТЕКЕ БИ КӨПСАЛАЛЫ КОЛЛЕДЖІ»

«БЕКІТЕМІН»

Колледж директоры



Жисенкожаев М.С.

2024ж

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ СТАНДАРТ

**Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт
Ақтөбе облысы білім басқармасының
«Әйтеке би көпсалалы колледжі» МКҚК**

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс - қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабына сәйкес әзірленді және Ақтөбе облысы білім басқармасының «Әйтеке би көпсалалы колледжі» МКҚК (бұдан әрі - колледж) қызметінің барлық салаларында тыйым салу, шектеу және рұқсат беру жүйесін білдіреді.

1.2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың мақсаты сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермеу, құқықтық сауаттылықты арттыру және колледж, оның қызметкерлері мен басшы құрамы қызметінде сыбайлас жемқорлық көріністеріне нөлдік төзімділікті арттыру болып табылады.

1.3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың міндеттері:

- Функционалдық міндеттерді жүзеге асыру кезінде әкімшіліктің, инженерлік-педагогикалық құрамы және колледж қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрақты мінез-құлқы мен жауапкершілігін қалыптастыру; - Сыбайлас жемқорлық көріністерін дер кезінде анықтау және

олардың

жағымсыз салдарының алдын алу;

- Колледж қызметкерлері арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті дамыту,

- Колледж қызметінің тиімділігін арттыру.

1.4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты қолдану және орындау:

- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт колледж қызметінде функцияларды жүзеге асыру және азаматтардың, колледж және оның қызметкерлерінің құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыру кезінде қолданылады;

- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт колледж қызметкерлерінің орындауы үшін міндетті;

- Сыбайлас жемқорлыққа қарсы

стандарттың қолданылуы мен орындалуына

колледждің әрбір қызметкері дербес жауапты болады;

1.5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты өзгерту «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс - қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 10- бабының 2-тармағына сәйкес жүргізіледі.

1.6. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт колледж қызметкерлерінің белгіленген ережелерді мүлтіксіз сақтауға және сыбайлас жемқорлық көріністерінің алдын алуға бағытталған әрекеттері мен шешімдерін анықтайды.

1.7. Колледж қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың сақталуын бақылауды колледждің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл комиссиясы жүзеге асырады.

**2 Колледж қызметкерлерінің мінез-құлық (іс-қимыл) ережелері
Тыйым салулар, шектеулер және рұқсат етулер:**

2.1 Колледж және оның қызметкерлерінің құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыру кезінде:

- 2.1.1. Өзінің қызметтік өкілеттігін жүзеге асыру кезінде өз міндеттерін орындауға байланысты ешқандай материалдық игіліктерді, қызметтерді және өзге де артықшылықтарды қабылдамауға;
- 2.1.2. Мүдделер қақтығысына жол бермеу, олар туындаған жағдайда заңнамаға сәйкес оларды жою бойынша шаралар қабылдау;
- 2.1.3. Білім беру және өзге де қызметтерді жүзеге асыру кезінде өзіне немесе үшінші тұлғаларға пайда табу мақсатында қызметтік жағдайын пайдаланбау; 2.1.4. Колледждің іскерлік беделін бағалай білу, колледждің құқықтары мен заңды мүдделеріне қайшы келетін немесе нұқсан келтіретін қызметке қатысудан аулақ болу, оның абыройы мен беделін түсіретін кез келген әрекеттің жолын кесу;
- 2.1.5. Колледж қызметкерлерінің жеке деректері туралы мәліметтерді негізсіз беруге жол бермеу;
- 2.1.6. Меритократия қағидаттарын сақтай отырып және білім, біліктілік, тәжірибе, өнімділік және тиімділік сияқты факторларды ескере отырып, конкурстық негізде қызметкерлерді қызметтік саты бойынша жоғарылатуды қамтамасыз ету;
- 2.1.7. Педагогтердің өздерінің бірегей идеяларынан, жаңалықтарынан және өнертабыстарынан пайда алу, сондай-ақ оларды іске асырудан түсетін пайда алу құқықтары нормативтік құжаттармен қорғалуы тиіс;
- 2.1.8. Колледж қызметкерлерінің тылым мен білімнің, техниканың даму жолдарын анықтауға белсенді қатысуы.
- 2.2. Білім беру, ғылыми және басқа да қызметтерді көрсету кезінде туындайтын өзге де өзара қарым-қатынастар кезінде:
- 2.2.1. ҚР Конституциясының, ҚР Еңбек кодексінің, ҚР «Білім туралы», «ғылым туралы», «Мемлекеттік мүлік туралы» Заңдарының, ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы және өзге де заңнамасының талаптарын мүлтіксіз сақтау; 2.2.2. Қазақстан Республикасының заңдарында тәртіптік, әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық көзделген теріс қылықтар мен өзге де құқық бұзушылықтар жасауға жол бермеу;
- 2.2.3. Мүліктік және мүліктік емес игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында ресми таратылуға жатпайтын қызметтік және өзге де ақпаратты пайдаланбау;
- 2.2.4. Өзінің қызметтік міндеттерін орындау кезінде іскерлік этикетті және ресми мінез-құлық ережелерін сақтау, Ш.Берсиев атындағы Ақтөбе жоғары аграрлық-техникалық колледжінің оқытушысы мен қызметкерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы міндеттемесін, колледждің Жарғысы мен ішкі тәртіп ережесін, колледждің басқа да нормативтік құқықтық актілерін мүлтіксіз орындау.

3. Өз құзыреті шегінде басқарушылық және өзге шешімдерді қабылдау кезіндегі колледж қызметкерлерінің міндеттері

- 3.1. Қызметтік міндеттерін орындау кезінде мүдделер қақтығысының, жеке мүдделіліктің туындағаны туралы, Сыбайлас жемқорлық мінез-құлыққа және сыйлықтар алуға көндіру туралы тікелей басшыға баяндау.
- 3.2. Қызметтік міндеттерін орындау кезінде жеке және пайдакүнемдік мүдделерді басшылыққа алмау.
- 3.3. Әділ қызметтік шешім қабылдауға ықпал ету мүмкін өзара қарым-қатынастардың белгіленген тәртібін бұзатын заңсыз өтініштермен әріптестері мен басшыларына жүгінуден тартыну.
- 3.4. Басқа адамдарды сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға итермелемеу және ынталандырмау.
- 3.5. Әріптестерге, басшыларға және өзге де лауазымды тұлғаларға қызметтік ережелерді пайдалана отырып мүліктік пайда, игіліктер не артықшылықтар алу үшін сыйлықтар бермеу және қызметтік емес қызметтер көрсетпеу.

- 3.6. Қызметтік өкілеттігін орындауға байланысты сыйлықтар қабылдамауға. 3.7. Мүліктік және мүліктік емес игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында таратылуға жатпайтын қызметтік және өзге де ақпаратты пайдаланбау.
- 3.8. Егер лауазым жақын туыстық (ата-анасы, жұбайы, аға-інілері, апа- сіңілілері, балалары) қатынаста тұрған адамдардың тікелей бағыныстылығына немесе бақылауына байланысты болса, оны тағайындаудан бас тартуға құқылы.
- 3.9. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылда, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды ашуда белсенділік таныту.
- 3.10. Белгілі болған сыбайлас жемқорлық фактілері, сондай-ақ материалдарды тездетіп қарағаны үшін қандай да бір пайда алуға итермелеу немесе әуре- сарсаңға салу туралы басшылыққа дереу баяндау.
- 3.11. Орындау үшін алынған өкімнің заңдылығына күдік туғаны туралы тікелей басшыға жазбаша нысанда дереу хабарлау.
- 3.12. Егер тікелей басшының өзі мүдделер қақтығысына тартылған болса, жоғары тұрған басшылыққа жүгіну қажет.
- 3.13. Әріптестерден жоғары құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті сақтауды талап ету және қолдау. сыбайлас
- 3.14. Мүдделер қақтығысының, жемқорлық құқық бұзушылықтардың және олардың салдарының ықтимал туындауының себептері мен жағдайларын жою бойынша тұрақты негізде шаралар қабылдау.
- 3.15. Үшінші тұлғалардың мүдделерін білдіруден немесе қамқорлық жасаудан, сондай-ақ олардың атынан іс-әрекеттер жасаудан аулақ болу.
- 3.16. Қызметтен тыс сипаттағы мәселелерді шешу кезінде әріптестер мен студенттердің қызметіне ықпал ету үшін езінің қызметтік жағдайын пайдаланбау.
- 3.17. Басқа адамдарды сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға мәжбүрлемеу.
- 3.18. Қарамағындағы және басқа да лауазымды тұлғалардың тарапынан сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың нормаларын бұзу фактілеріне жол бермеу және жолын кесу.
- 3.19. Әріптестердің өз лауазымдық міндеттерін орындау барысында туындаған мүдделер қақтығысын реттеу бойынша түбегейлі шараларды уақытылы қабылдау.
- 3.20. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша түбегейлі шаралар қабылдау.
- 3.21. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою, оның ішінде қол астындағылармен.
- 3.22. Қарамағындағылар мен білім алушыларды қызметтік емес немесе жеке тапсырмаларды орындау үшін тартуға жол бермеу.

4. Ғылыми-білім беру және басқа да қызметтерді көрсету кезінде колледж қызметкерлеріне ұсынымдар

- 4.1. Білім беру, ғылыми және басқа да әлеуметтік маңызы бар қызметтерді көрсету сапасын арттыру және «колледж - оқытушы - студент» өзара іс - қимыл жүйесінде бюрократиялық кедергілерге жол бермеу шараларын тұрақты негізде қабылдау.
- 4.2. Өз білім деңгейін үнемі арттырып, отандық және шетелдік тәжірибе мен ғылым жетістіктерін зерделей отырып, кәсібилікке ұмтылу.
- 4.3. Өзінің кәсіби және жалпы адамзаттық мінез-құлқымен айналадағы адамдарға үлгі бола алады.
- 4.4. Білім алушылар үшін еңбек тәртібінің, өз колледжіне, оның дәстүрлеріне, тарихына құрметпен және ұқыпты қараудың жеке үлгісі болу.
- 4.5. Студенттерге қатысты өз өкілеттіктерін теріс пайдаланбау, студенттерге біржақты көзқарас пен олардың білімін бағалау кезінде субъективизмге жол бермеу.

- 4.6. Әріптестер мен студенттердің қадір-қасиетін қорлауға, әдепсіз сөздерді қолдануға, таныстық пен өркөкіректікті көрсетуге болмайды.
- 4.7. Колледж әкімшілігінің шешімдері және оның бөлімшелерінің қызметі туралы жалған ақпарат таратпауға.
- 4.8. Білім алушылардан сыйлықтар немесе ақшалай сыйақы қабылдамауға.
- 4.9. Плагиат және басқа академиялық бұзушылық фактілеріне жол бермеу.
- 4.10. Өзінің қызметтік міндеттерін орындай отырып, жоғары мәдениетті, жауапкершілікті, адал ниетті, академиялық адалдық пен объективтілікті көрсету, әріптестермен және студенттермен қарым-қатынаста өзара сыйластық, әдептілік, тілектестік қағидаттарын басшылыққа алу.

5. Тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді сатып алуға байланысты мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде колледждің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлеріне ұсынымдар.

- 5.1. Мемлекеттік сатып алу үшін пайдаланылатын қаражатты оңтайлы және тиімді жұмсау.
- 5.2. Әлеуетті өнім берушілерге Заңда көзделген мемлекеттік сатып алуды өткізу рәсіміне қатысу үшін тең мүмкіндіктер беру.
- 5.3. Мемлекеттік сатып алу туралы заңнамаға сәйкес әлеуетті өнім берушілер арасында адал бәсекелестікті қамтамасыз ету.
- 5.4. Мемлекеттік сатып алу процесінің ашықтығы мен айқындығы.
- 5.5. Сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермеу.
- 5.6. Осы әлеуетті өнім берушінің бірінші басшыларының және (немесе) осы әлеуетті өнім берушінің өкілетті өкілінің жақын туыстарының, жұбайының (зайыбының) немесе туыстарының өткізілетін мемлекеттік сатып алуға өнім берушіні таңдау туралы шешім қабылдау құқығына ие не өткізілетін мемлекеттік сатып алуда тапсырыс берушінің немесе мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушының өкілдері болып табылатын қатысуына жол бермеу.
- 5.7. Аткарушылық құжаттар бойынша орындалмаған міндеттемелері бар және бірыңғай борышкерлер тізіліміне енгізілген әлеуетті өнім беруші және (немесе) ол тартатын қосалқы мердігер (бірлесіп орындаушы) ретінде қатысуға жол бермеу.

6. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру

Сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік ахуалын қалыптастыру-бұл колледждің барлық мүшелерінің кез келген теріс пиғылды практикаға қарсы іс-қимыл қажеттігіне сенімін нығайту жөніндегі қызмет. Колледж қызметі жалпы білім беру, ақпараттық және ұйымдастырушылық сипаттағы шаралар кешені арқылы жүзеге асырылады, оларға мыналар жатады:

- 6.1. Колледж қызметінің барлық салаларында тиімді сыбайлас жемқорлыққа қарсы технологиялар мен тетіктерді енгізу;
- 6.2. Инженерлік - педагогикалық қызметкерлер арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы сауаттылықты және сыбайлас жемқорлықтың қаупі оның салдарын қоғамдық түсінуді қамтамасыз ету, сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрақты иммунитетті, сыбайлас жемқорлыққа қарсы сананы және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бойынша мақсатты жұмыс жүргізу;
- 6.3. Студенттерді, оқытушылар мен қызметкерлерді әлеуметтік әріптестік негізінде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу процесіне тарту;
- 6.4. Студенттік ортада патриотизмді және белсенді азаматтық ұстанымды тәрбиелеу бойынша мақсатты бағдарламаларды енгізу;
- 6.5. «Сыбайлас жемқорлықтан тыс Колледж», «Оқытушы студенттер көзімен», «Оқытушы әріптестер кезімен», «Студенттердің қанағаттануын бағалау», «Таза сессия», «Өз

колледжіңді қолда» жаппай әлеуметтік сауалнамалар арқылы сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрақты мониторинг жүргізу;

6.6. Колледжің Интернет-ресурсында Сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағыттағы құқықтық ақпаратқа халықтың кеңінен қол жеткізуін қамтамасыз

6.7. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі шараларды әзірлей отырып, басқа мемлекеттік органдар мен қоғамдық бірлестіктердің, оның ішінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің өкілдерімен кездесулер ұйымдастыру.